

Сыр – А нам, Қарат ау – Панам!

# Жаңақорған

## ТЫНЫСЫ

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет  
1933 жылғы  
қыркүйектен  
шыға бастады

### Қыркенселікт ердің қуанышы



«Береке – бірлігі бар елдің базары, еңбекке деген назары» десек, дала Академигі Ұбырайдың «Егінді өсіре білу – алғашкы асу ғана. Ұсырапсыз жинап алу – мәре» деген қанатты сөзі жадымызыда жаңғырып тұрады. Сол айтқандай, егіншісі мәрт, жері жомарт – Әbdіғаппар ауылының дала еңбеккерлері «Алтын дән-2019» мерекесін толағай табыспен қорытындылады.

Қыркенселік ағайынды берекесі мол «Алтын күз» шарасымен құттықтай келген аудан әкімінің орынбасары Фалымжан Сопбеков:

– Соңғы жылдары Сыр өнірінің дала еңбеккерлері астық жинауда рекордтық көрсеткіш көрсетіп келеді. Биыл да олжалы жыл болды. Қамба астыққа толды. Сыр диқандары 87,9 мың гектар күріштің әр гектарынан 60,3 центнерден өнім жинап, ел қамбасына 530,5 мың тонна дәнді дақыл құйды. Енді міне ырыс пен берекеге толы күздің ең жарқын мерекесі «Алтын дән» мейрамына келіп, дала еңбеккерлерінің жұмысын таразылаپ, абыройын асырмақпаз. Өздеріңізге белгілі, Жаңақорған ауданының потенциялы жоғары. Оның дәлелі, 2017 жылы «Үздік аудан», 2018 жылы «Озық аудан», 2019 жылы «Озық аудан» номинациясына лайықты болды. Әрине, мұның ішінде, Әbdіғаппар ауылының да үлесі басым. Оған қоса, мұндай табыс аспаннан түспегені белгілі. Биік тұғырдан көрінүү жолында сіздер де ерен еңбек сіңірдіңдер, – деді.

Мұнан кейін ауыл әкімі Тәттімбет Тұргалиұлы Әbdіғаппар ауылының диқандары үшін биылғы жыл табысты болғанын сөз етті. Әкімнің айтудынша, биыл 954 гектар жерге

күріш, 367 га күздік бидай, 30 га картоп, 50 га бақша дақылын, 605 га жаңа жонышқа ексе, 1591 гектар жердің ескі жонышқасы күтімге алынып, одан тиісінше мол өнім алуға қол жеткізілген. Әрине, диқан еңбегі – қашанды марапат мінберінің алтын тұғыры. Ауданның ауыл шаруашылығы саласын өркендетіп, тынбай еңбек еткен егінжай ерлері қашанды мақтауға лайық.

Соның айқын бір дәлелі – қыркеңселік шаруалардың еңбегі елеусіз қалмаған. Мәселен, Сыр маржаның өсіруден жоғары өнім жинаған «Мырзабай» шаруа қожалығының төрағасы Әлмахан Мырзабаев жыл қорытындысы бойынша облыс әкімінің «Құрмет» грамотасын алған. Ал ауданда өткен «Алтын күз-2019» мерекесінде «Агросервис Жаңақорған» ЖШС егіс бригадирі Жақсан Қабетенов өзіне бекітілген 259 гектар күріштің әр гектарынан орташа 45 центнерден өнім алып, «Үздік бригадир», «Маржан» шаруа қожалығының күріш өсірушісі Арынгазы Ақбалаев 50 гектар күріштіктің әр гектарынан орташа 69 центнерден өнім алып, «Үздік күріш өсіруші» және «Тұрсынбек» шаруа қожалығының подборщик-комбайнери Қанат Әбдіхалықов 954 тонна астық бастырып «Үздік подборщик» номинациясы бойынша аудан жеңімпазы атанған.

Мұндай марапат мезіреті ауылда да жалғасын тапты. Аудан әкімінің орынбасары Галымжан Жарқынбекұлы мен Тәттімбет Тұргалиұлы бірқатар сала еңбеккерлерін марапат биігіне шығарды. Олардың қатарында ветеринария саласына қосқан үлесі үшін Азамат Ілесбаев, білім саласындағы жетістіктері үшін №213 орта мектебінің мұғалімі Роза Пошай, ауылдық округтің жастар істері жөніндегі маманы Тәліпбек Тайбек және ауылдық клуб үйінің директоры Өмірсерік Бейсенбиев ауыл әкімінің «Алғыс хаты» мен бағалы сыйлықтарына ие болды.

Сондай-ақ еңбек ардагерлері Балтабай Оразбаев, Еркін Үсенбаев пен ауыл имамы Әбдірәсіл Керімханов, ақ жаулықты ардагер аналар Қамар Үсенбаева, Айымтай Әжібаева мен Зұбайра Оспанова мерекелік лебізін білдіріп, ауыл берекесі арта беруіне тілекtestігін жеткізді.

– Біз осыдан жарты ғасыр бұрын егіс ектік. Ол кезде жер инженерлік жүйеге келтірілмеген болатын. Шыны керек, жұмыстың көбі қолмен атқарылды, бірақ біз қыншылықтардан қорықпадық, қайта жігерлене еңбек еттік. Атақ пен абырай биігінен көріндік. Баршаңызға бүгінгі дала еңбеккерлерінің мереілі мерекесі құтты болсын! Молшылық мерекесі барша қауымға берекесімен келсін. Сыр елі – қашанды ырыс пен несібенің елі. Қамба толық болса, ел тоқ, – деді Айымтай Әжібаева.

Шара соңы ауылдық клуб пен мектеп өнерпаздары дайындаған концерттік бағдарлама ұласып, ауыл жастары спорт түрлерінен өз бақтарын сынады.

Иә, түйіндей айтқанда, бұл да болса, күз маусымының қашанды береке мен молшылық айның нышаны екенін айғақтайды. Сонымен катар, казакта «шаруа кісіні қыдыр тұт, сақы кісіні қадір тұт» деген деген аталы сөз бар. Пайымды сөздің парқына үніліп, алты ай жаз дала қосында дамыл көрмеген еңбеккерлердің ерен еңбегіне берілген баға екенін ұғасыз. Осындай қанатты ойдан қанат қақтыратын жаңақорғандықтар диқанға да, малшыға да зор құрметпен карап, еңбегін адап бағалап үйренген. Біз мұны Әбдіғаппар ауылы орталығында өткен «Алтын дән-2019» мерекелік шарасынан түйдік.

**Ерубай ҚАЛДЫБЕК**  
29 қазан 2019 ж.